

*Абейова Ш.К.*

## АРНАЙЫ КАТЫНАСТЫЛЫҚ ТЕОРИЯСЫНДАГЫ КЕҢІСТІК ҰҒЫМЫНЫН ДИАЛЕКТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Кеңістік пен уақыт ұғымдары физика ғылымының ең түпкілікті (фундаменталды) ұғымдарына жататындықтан, олардың өзгеруі физиканың теориялық негіздерінің сапалы өзгеруін қажет етеді (бұл, әрине, екі жақты процесс: жаңа сапалы физикалық теорияның пайда болуы, кеңістік пен уақыт ұғымдарының да өзгеруіне әкеліп согады). Физика тарихында мұндай түпкілікті өзгеріс (революциялық төңкеріс деуге болады) А.Эйнштейннің арнайы катынастылық (относительдік) теориясына байланысты орын тепкені белгілі. Енді осы теорияға орай кеңістік ұғымының қазіргі физикадағы мәртебесінін (статусының) қалай өзгергенін қарастырайык.

Классикалық емес физика дегенде біз ең алдымен А.Эйнштейннің катынастылық (относительдік) теорияларын (арнайы және жалпы) және соларға негізделген релятивистік физиканы қарастырамыз, өйткені кеңістік ұғымының ғылым мен философияда құрт өзгеруі осы теориялардың қалыптасып дамуына тікелей байланысты. Кеңістік ұғымының бұл орайда қалай өзгергенін теренірек және дәлірек анықтау үшін, алдымен сол теориялардың даму тарихына көз жүгіртіп, олардың басты принципиалдық тұстарын айқындаш алайык.

Арнайы катынастылық теориясында белгілі математик Г. Минковскийдін [3] енбектері нәтижесінде 4-өлшемді кеңістік-уақыт туралы ұғым енгізіліп, соған байланысты оның псевдоевклидтік геометрияға негізделенетін анықталған болатын.

Арнайы катынастылық теориясының эксперименталдық базасы XIXғ. екінші жартысында кеңінен дамыған қозғалмалы орталар электродинамикасына қарасты. Мұнда әртүрлі гипотезалар ұсынылып, соларды тексеруге байланысты неше түрлі эксперименттер өткізіліп, теория мен эксперимент катарласа дамып отырған болатын. Сол кездे орын алған теория бойынша электромагниттік құбылыстар (соның ішінде, мысалы, жарық та) әлдебір гипотетикалық ортамен - эфирмен - қосарландырылып, сол эфирде таралатын толқындар деп қарастырылатын еді. Эфирдің қандай орта екендігі, оның қандай физикалық қасиеттері бар екендігі туралы көптеген жорамалдар айтылатын. Эфир козғалма ма, козғалмай ма, оны кеңістікте козғалатын дене ілестьіре ме, жоқ па, ілестьіретін болса, онда электромагниттік құбылыстарға мұның әсері бола ма, жоқ па деген сұраптар көптеп қойылатын. Бірақ қойылған эксперименттер тобы ешкандай да әсерді қөрсете алмаған. Фалымдардың ойынша, бұл жағдай эксперименттердің дәлдігіне байланысты, яғни қарастырылып отырған эксперименттер тобының (Физо тәжірибесі және т.б.) дәлдігі  $\frac{V}{C}$  ( $V$ - ортаниң қозғалыс жылдамдығы,

ал С- жарық жылдамдығы) қатынасының бірінші дәрежесіне гана сай 1) А.Эйнштейннің относительдік теориясын (теория относительности) “салыстырмалылық теория” деп аудару әдебиетте кең тараган, бірақ та мен М.Сабиттің дұрысы “қатынастылық теория” деп аудару керек деген ұсынысын қолдаймын [1, 96.]. делинген, ал егер де дәлдігі осы қатынастың екінші дәрежесіне (яғни  $\frac{V}{C^2}$ ) сай келетін эксперименттер қойылса, онда бұл

әсер байқалмай қоймайды деп есептелген. Алайда екінші дәрежедегі эксперименттерде де (Майкельсон эксперименттері) ол көрінбegen. Мұның бәрі физик-теоретиктерді қиналтып, қайшылыққа толы жағдайға душар еткен. Бұдан шығу жолында ұсынылған теориялық ізденістер қанағаттанарлық нәтиже бере алмаған. Ең кең тараган және логикалық жағынан алғанда негізі бар деуге боларлық теориялық көзқарасты К.Лоренц ұсынып, сол әсердің байқалмайтын себебін козгалатын денениң сол бағыттағы өлшемі әфирдің әсерінен қыскаратастынмен (“Лоренц қыскартылуы”) туsіндірген [4, 83-285 бб.].

Алайда бұл көзқарастың жасандылығы, ad hos гипотезага (қыскартылу турасындағы) негізделгендігі бірден көзге үрүп тұрғандықтан, кейбір ғалымдар оны жеткілікті деп қарамаған. А.Эйнштейн бұл тығырықтан шығудың мүлде жаңа жолын ұсынып, жаңа теорияның, арнайы қатынастылық (относительділік) теориясының негізін қалаған. Бұл теорияның басты ұйғарымдары (принциптері) екеу: **қатынастылық принципі және жарық жылдамдығының тұрактылығы принципі**. Осы екеуінен көптеген релятивистік салдар (мысалы, уақыт пен кеңістіктең аракашықтықтың, массаның да есептеу жүйесіне қатынастылығы) туындаиды, яғни бұрынғы, классикалық, физикада мүлде кездеспейтін, тіпті оның көптеген қагидаларына қайши келетін, мүлде жаңа нәтижелерге (“релятивистік эффектілерге”) кол жеткізіледі. Әрине, бұлар денелер козгалысының жылдамдығы ( $V$ ) мен жарық жылдамдығының ( $C$ ) қатынасына, яғни  $\frac{V}{C}$

қатынасына, тәуелді болып келеді: негұрлым  $V$  – үлкен болып,  $C$  – ға жақындаған сайын, солғұрлым эффект те жоғары болмақ. Ал егер  $\frac{V}{C}$  қатынасы тым аз болса (демек, дene жылдамдығы жарық жылдамдығынан әлдекайда баяуырап болса), онда эффектілер де жоқтын қасы, онда классикалық физиканың қагидалары сақталып қала береді. Белгілі мағынасында классикалық теория жаңа теорияның (арнайы қатынастылық теориясының) шеткегі бір көрінісі, соның “шекті сілемі” (“предельный случай”) болып табылады. Яғни бір теория екінші теорияға ұласады: жаңа теория бұрынғы теорияны мүлдем жоқ қылмайды, оны өзінің бір шеткегі сәті есебінде өзінде тұтады.

Жаңа теория мен ескі теорияның мұндай қайшылықты қарым-қатынасын, екеуінің арасындағы осындағы диалектикалық жалғастықты **сәйкестік принципі** (принцип соответствия) деп атайды. Расында, бір жағынан, жаңа

теория бұрынғы теорияны ығыстырып, оның орнын басады, онда жоқ нәтижелерге қол жеткізеді, түсіндіре алмайтынын түсіндіреді, болжай алмайтынын болжайды, оның қагидаларына сыймайтын, қайшы келетін қагидаларға қол жеткізеді. Екінші жағынан, бұл екеуінің арасында белгілі бір үйлесімділік те жоқ емес: жаңасы бұрынғысын өзінде тұтады, белгілі бір жағдайда (V<sub>C</sub>) катынасы нөлге ұмтылғанда немесе, басқаша айтқанда,

С шексіз деп танылғанда) жаңа теория ескі теорияның кебін киеді, соган “айналады”. Бұл айналу жай ғана, жайдак қана, формалдық түрде айнала салу емес, бұл диалектикалық айналу (жана сапа мен ескі сапаның диалектикалық қарым-қатынасы сыйкты), диалектикалық терістеудің бір мысалы десе де болғандай.

Бірінші принциптің, яғни катынастылық принципінің, өз тарихы бар екені белгілі. Оның алғашқы тарихи формасы - Г.Галилейдің катынастылық принципі. Мұның ұйгаруы бойынша, механиканың заңдары барлық инерциалдық системаларда бірдей, яғни бір инерциалдық системадан басқа бір инерциалдық системага өткенде, механиканың заңдары Галилейдің түрлендірмелік тендеулеріне қатынасында *инвариантты* болып табылады. Ал бұл тендеулердің физикалық мағынасы мынада: үш өлшемді біртекті жөне изотропты кеңістік бар, ал уақыт барлық инерциалдық системаларда бірдей ( $t=t'$ ). Бұдан арақашықтық пен уақыт аралығының (массаның да) абсолюттілігі шығады. Мұндай үш өлшемді кеңістіктің геометриясы *евклидтік* болып табылады.

Катынастылық принципінің екінші тарихи формасы А.Эйнштейннің арнайы катынастылық теориясында берілген. Мұнда физиканың (тек қана механиканың ғана емес, электродинамиканың да) заңдары барлық инерциалдық системаларда бірдей, яғни бір инерциалдық системадан екінші біреуіне өткенде, олар Лоренцтің түрлендірмелік тендеулеріне қатынасында инварианттылығын сақтайды.

Түрлендірулердің Лоренцтік тендеулерінің физикалық мағынасы (яғни арнайы катынастылық теориясын да) бойынша, арақашықтық пен уақыт аралығы әр инерциалдық жүйеге катынасында сәйкесті өзгеріп отырады, яғни олар катынасты шамалар болып табылады. Г. Минковскийдің геометриялық түсіндірмесіне сүйенсек, өзді-өзінен алғандағы кеңістік пен уақыт относительді (катынастылы), яғни әр инерциалдық системаның өз кеңістігі мен уақыты бар. Ал тек төрт өлшемді *кеңістік-уақыт* абсолюттілікке ие болады, сондыктan төртөлшемді интервал ( $\Delta S$ ), яғни арақашықтық ( $\Delta x$ ) пен уақыт аралығының ( $\Delta t$ ) белгілі бір комбинациясы ғана, абсолюттік шамаға жатады. Осыдан Г.Минковскийдің: төрт өлшемді кеңістік-уақыт қана абсолютті, ал жеке дара алғандағы кеңістік пен уақыт относительді (яғни катынастылы), яғни оның (абсолютті кеңістік- уақыттын) проекциялары ғана деуінің шындығы бар. Бұл төрт өлшемді кеңістіктің геометриясы *псевдоевклидтік геометрия* болып табылады [3].

Сонымен, арнайы қатынастылық теорясы кеңістік пен уақыт ұғымдарына жаңа мазмұн мен жаңа форма беріп, революциялық өзгерістер енгізді десек, қателеспейміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ленин В.И. Полное собр.соч., Т.29, М.
2. Ғылым мен техниканың батыстық философиясы. Алматы:Жазушы, 2006.-560б.
3. Минковский Г. Пространство и время // Принцип относительности, Л., 1935...
4. Мандельштам Л.И. Лекции по оптике, теории относительности и квантовой механике. М., 1972, 439с.